**Түркістан облысы Қазығұрт ауданы**

**Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты**

**«Адель» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

**Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым»**

« Бәйтерек тобы»

**Тәрбиеші:**Найзабай Ақерке

Қансейтова Назгүл

2023-2024ж

**«Тәуелсіздік тұғырым»**

**Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым»**

**Мақсаты:** Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Боздақтарға тәу ету. Бүлдіршіндердің тілдік, сөздік қорын байыту. Мақал-мәтел, тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету.

**Көрнекіліктер**: Р Рәміздерінің суреттері, Елбасымыз Қ.Ж.Тоқаев суреті, Желтоқсан оқиғасының құрбандары Л.Асанова мен Қ.Рысқұлбековтың суреттері.

**Әдіс - тәсілдер:**. Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

**Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі:**

Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметімізді Қазақстан Республикасының гимнмен бастайық.

ҚР Гимн орындалады.

| Қызмет кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық.** | **Шаттық шеңбер;**<br>Армысың, алтың күн,<br>Армысың, жер Ана.<br>Армысың, көк аспан,<br>Армысыңдар, достарым! | Балалар орнынан тұрып шаттық шеңберін орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру - іздестіру.** | **Сұрақ-жауап: Жыл ерекшеліктері:**<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Қыс айларын атайық?<br>-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?<br>-Үстімізге қандай киім киеміз?<br>-Қандай ойындар ойнаймыз?<br><br>Жарайсыңдар балалар!<br>Біз аспаны ашық, сәулелі,кең,байтақ елде тұрамыз. Ол ел –Қазақстан.<br>**Біздің еліміз қалай аталады?**<br>-Дұрыс, еліміз, Отанымыз, жеріміз Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады екен. Біздің тәуелсіздік алғанымызға биыл 26 жыл толып жатыр. Осы 26 жыл ішінде біздің еліміз Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Күні бүгінде Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Әр адамның өз Отаны, атажұрты, мекені, қонысы болады екен. Ал, біздің Отанымыз Қазақстан деп аталады екен.<br><br>**Балалар Отан туралы қандай тақпақтар білесіңдер?** | -Қыс<br>-3 ай бар<br>-Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан<br>- Салқын, боран, аяз<br>-Жылы киім киеміз<br>- Сырғанақ тебеміз, аққала жасаймыз<br><br>-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы<br><br>**Нұрсая:** Отан-сенің ата-анаң, |

| | | |
|---|---|---|
| | | Отан-досың, бауырың.<br>Отан-өлкең, астанаң,<br>Отан-аудан, ауылың<br>**Жомарт:** Отан дейміз от жаққан жерімізді.<br>Отан дейміз өсірген елімізді,<br>Отан дейміз туған жер атамекен<br>Биік тау,орман,тоғай көлімізді<br>**Нұрислам:** Аралаймын аланды<br>Тәуелсіздік күні мен<br>Батыр Қайрат ағамның<br>Суретіне үңілем.<br>**Бекасыл**: Қуаныштың бүгінгі<br>Басылмайды ыстығы<br>. Жылдамырақ жүруді<br>Үйретеді қыскүні!<br>**Архат.** Жасай бер елім, қазағым,<br>Еселеніп ғажабың!<br>32- жылдығың құтты боп,<br>Кіре берсін ажарың!<br>**Асқар:** Көк туымды қолыма<br>Бүгін берік ұстадым<br>Түсті бақыт жолыма<br>Менің Қазақстаным!<br>.<br>**Жансу.** Міне аппақ қар<br>Аяз боран бар<br>Төрлет қысым еліме<br>Ойнаймыз біз далада<br>**Айдана:** Балалар шықты далаға,<br>Ойнап, күліп жүр енді.<br>Шаналармен азады,<br>Аққаланы соғады.<br>**Асылжан**: Жылда осылай келеді,<br>Көп қуаныш береді.<br>Шашу етіп біздерге,<br>Ақ күмісін төгеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сафия:** Он алтыншы желтоқсан,<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Атам менен барғанмын.<br>**Айым:** Құтты болсын **тәуелсіздік** мерекесі,<br>Мықты болсын елімнің керегесі.<br>Татту-тәтті боп халқымыз әрқашан,<br>Кетпесін туған жердің берекесі.<br>**Нұркеңес:** Бабамның да арманы,<br>Осы еді ғой аңсаған,<br>Тәуелсіздік тандары<br>Бақ береді баршаға |
| | **-Елімізді басқарып отырған елбасымыз кім?**<br>-Қасым Жомарт Тоқаев<br>-Дұрыс айтасыңдар. Біздің тұңғыш елбасымыз<br>**-Қазақстан Республикасының рәміздеріне не жатады ?**<br>-Ту, елтаңба, гимн.<br>**-Тудың түсі қандай? Туда ненің белгісі бар?**<br>-Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында күн және қыран құс. | |
| | **-Ел таңбамызда ненің бейнесі бар ?**<br>-Елтаңба алтын және көгілдір түсті. Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның қайраттың нышаны. Жұлдыз – | **Сұңқар:** Аспан түстес көгілдір,<br>Тік бұрышты матаның.<br>Ортасында төгіп нұр,<br>Күн жаяды шапағын<br>**Назерке:** Астында оның қалқыған, |

| | | |
|---|---|---|
| | жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.<br><br>**Ту, Елтаңба туралы тақпақтарымызды еске түсірейік**<br><br>**Отан туралы мақал-мәтелдерді еске түсірейікші.** | Қыран құстың бейнесі.<br>Азат елдің шалқыған,<br>Көңілі деп білерсің.<br><br>**Ерасыл:** Алтын қанат көмкерген,<br>Шаңырақ бар, уық бар.<br>Әсем бейне сен көрген,<br>Жай бейне емес ұғып ал<br>**Нұрым:** Сүйсіндірген өзіңді,<br>Түсіне біл таңбаны.<br>Ауызда ұшқыр төзімді,<br>Пырақ халық аманы<br><br>**С.Қасымхан**:Отансыз адам ормансыз бұлбұл.<br>**Ы.Қасымхан**:Отан оттанда ыстық.<br>**Димаш:** Отан-отбасынан басталады.<br>**Әмірхан:**Отанын сатқан оңбас |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық**<br><br>**түзетушілік** | Жарайсыңдар ендеше біздің бүгінгі **«Тәуелсіздік тұғырым»** атты ашық сабағымыз аяқталды. | Тәрбие сағатын қорытындылау |